

ҚАРАЛДЫ

БЕКІТЕМІН

КЕЛІСІЛДІ

№1 педагогикалық кеңесте «Тереңсай жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің директоры

«29» тамыз 2020 ж.



Кобиланов Р. Ж.

Әйтеке би аудандық білім бөлімі басшысы



К. Жарымбетов

«27» 08 2020 ж.

Тақырыбы: «Дидактикалық ойындар»

Шағын орталық, ортаңғы топ
(вариативтік компонент)

ОРЫНДАДЫ:

Шағын орталық тәрбиешісі *Мадиева А. Н*

№1 әдістемелік бірлестік отырысында қаралды:

Әдістемелік бірлестік жетекшісі

28.08.2020ж.

Убаева Г.Т. Убаева Г.Т.

ТЕКСЕРІЛДІ:

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары

29.08.2020ж.

Калданова Б.С. Калданова Б.С.

Тереңсай ауылы

Түсінік хат

Тәрбие мен білімнің алғашқы баспалдағы болып есептелетін мектепке дейінгі білім беруде білім мазмұны балалардың негізгі құзіреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған. Вариативті компонентке ұсынылып отырған «Дидактикалық ойындар»

Ойын бала өміріндегі тәрбиенің шешуші шарты. Бала өзін қоршаған ортаны, өмір сүріп отырған айналасындағы құбылыстар мен заттарды ойын арқылы түсініп ұғынады. Алайда, жақсы дұрыс ұйымдастырылған ойын ғана тиісті, қалағанындай нәтиже бере алады. Ойын мектепке дейінгі тәрбиешілердің бірден – бір көмекшісі десекте болады.

Дидактика-термині гректің «дидактос», яғни үйрететін деген сөзден шыққан. Дидактикалық құралдар оқу міндеттеріне сай арнайы әзірленеді. К.Д. Ушинский мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, былай деп жазады: «Бала табиғаты көрнекілікті аса қажетсінеді. Балаға өзіне белгісіз бес сөзді жалаң үйрете бастасаңыз, және уақытты зая кетіріп, босқа қиналасыз. Ал енді жиырма сөзді суреттермен байланыстыра үйретсеңіз, бала оны лезде қағып алады. Сіз балаға қарапайым ғана ойыңызды қанша түсіндірсеңіз де оңай ұға қоймайды. Дәл сол ойды күрделі суреттер арқылы баяндасаңыз ол сізді тез түсінеді.

Дидактикалық ойын – оның аты айтып тұрғандай, баланың ақыл-ойын дамытып, таным түсініктерін ажыратудағы әдістердің бірі. Ойын арқылы оқыту – мектеп жасына дейінгі кезеңнің негізгі ерекшелігі. Бала әрбір затты ұстап, дәмін татып, сан рет байқап көреді. Шағын орталықта бала психикасының дамуына ойын әрекеті шешуші рөл атқаратындығы туралы белгілі ғалымдар (Ж. Аймауытұлы, М. Жұмабаев, Ш. Құдайбердіұлы, т.б.) өз еңбектерінде айтып кеткен. Педагогикалық үрдісті жетілдіруде ойынның алатын орны ерекше. Дидактикалық ойындар арқылы баланың математикалық қабілеттерін оятудың әсерін Ресей ғалымдары Т.В. Лодкина, А.И. Захаров, В.С. Мухина, Е.О. Смирновалар атап көрсеткен. Дидактикалық ойын баланың қоршаған дүние туралы түсінігін кеңейтіп және оны бекітіп нақтылайды, және ойлай білуге баулып, сөздік қорын өсіреді, ақыл-ой қызметін қалыптастырады. Дидактикалық ойын – балалар үшін оқу да, еңбек те. Педагогикада дидактикалық ойындарға былай анықтама беріледі: дидактикалық ойындар дегеніміз – балаларға белгілі-бір білім беріп, іскерлік пен дағдыны қалыптастыру мақсатын көздейтін іс-әрекет.

Мақсаты:

Дидактикалық ойындар арқылы балалардың білім және білік дағдыларын қалыптастыру.
Ойын арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Білім білік дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Ойын әрекетінің әр түрін қамтитын және балалардың жалпы дамуына көмектесетін түрлі дидактикалық ойындарға қолдану.
2. Заттардың қызметтері туралы балалар түсініктерін кеңейту.
3. Заттарды сыртқы белгілеріне қарай ажыратуға үйрету.
4. Заттардың функционалды қызметтеріне қарай топтастыру іскерліктерін дамыту.
5. Дидактикалық ойындар арқылы баланың қызығушылығын туғызу және ақыл-ой белсенділігін арттыру.

Күтілетін нәтиже:

1. Заттардың сенсорлық қасиеттеріне зейіндерін аудару ойындары.
2. Қол мен саусақ ұштарының қимылдарын және сенсорлық кеңістік үйлесімділігін дамыту ойындары.
3. Заттардың ерекше қасиеті, түсі, көлемі, пішінін көрсету ойындары.
4. Балалардың тілін, сөздік қорын дамыту ойындары.
5. Эстетикалық талғамын, шығармашылық қиялдау қабілетін дамыту ойындары.

Ақпараттық - әдістемелік бөлім

«Дидактикалық ойындар» факультативті курсын оқытуда ойындар технологиясы кеңінен қолданылады. Ойын түрлері оқу кезінде сабақтарда ойын тәсілдері мен жағдайлар туғызу арқылы құрылып, оқушылардың оқуға деген қызметін ынталандырып талаптануына тәсіл ретінде қолданылады. Ойынға кірісер алдында оның жүргізілу тәртібі балаларға әбден түсіндірілуі керек. Ойынға топтағы балалардың барлығының қатысуын қамтамасыз етіп, оларды ойын үстінде ойлай білуге, шешім қабылдай білуге жетелеу. Ойын әдістемесі бойынша: сюжеттік – рольдік ойындарды көптеп пайдаланамын.

Ойын тәсілдері мен жағдайларын сабақ кезінде өткізу мына негізгі бағытта жүргізіледі:

дидактикалық мақсат оқушыларға ойын түрінде беріледі; оқу қызметі ойын ережелеріне бағынады,

оқу материалы оның құралдары ретінде қолданылады, оқыту қызметіне жарыс ретінде кіргізіліп, дидактикалық міндеттерді ойынға айналдырады;

дидактикалық тапсырмаларды орындау ойын қорытындысымен байланыстырылады.

Еліміздің салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, тарихын біліп, оны қастерлеп, бүгінгіміз бен келешегіміздің қайнар көзіне айналдыру әрқайсысының азаматтық борышы екенін ұғынады. Түрлі ойындардың көмегімен жақсы мен жаманды, шындық пен өтірікті, ұнамды-ұнамсыз т.б қасиеттердің адам өмірінде алатын орны ерекше екенін түсінеді.

Осы бағдарлама бойынша балалар сөйлеу мәдениетін меңгереді деп сенеміз. Бүлдіршіндердің есте сақтап, бір – біріне ауызша айтуына, ойын арқылы жақсысынан үйреніп, жаманынан жиреніп, үлгі өнеге алуына ықпал етеді.

Мазмұндық бөлім

№	Тақырыбы	Мазмұны
1	Ақ сүйек	Бұл ойын балалардың шапшандық, күштілік, тапқырлық, ойлау қабілеттерінің жетілуіне көмектеседі.
2	Тақия тастамақ	Ұлттық ойындармен таныстырамын. Бұл ойын балалардың жылдамдыққа, сезгіштікке, сақтықта дер кезінде тығырықтан шыға білуге үйретеді
3	Ақ сере, көк серек	Бұл ойында шапшандық, күштілік, ойлай білу қабілеттерінің жетілуіне көмектеседі.
4	Хан талапай	Балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа баулы.
5	Соқыр теке	Бұл ойында баланын тапқырлық, жылдамдығы, адалдығы шындалады.
6	Заттар әлеміне саяхат	Балаларға түрлі жағдайларда және күнделікті өмірде оларды дұрыс пайдалану.
7	Біздің көмекшілеріміз	Заттарды танып білуге, көздің көмектесетініне балалардың назарын аудару.
8	Тышқан мен мысық	Шапшандылыққа, ойлауға дамыту.
9	Сыр	Балалардың түр-түстерді тани білуге үйрету.
10	Шіреген алма	Шапшандылыққа, ойлауға дамыту
11	Біз көңілді балалармыз	Балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа баулы.
12	Заттар – өздері туралы не айтады?	Заттардың түсін, нұсқасын, көлемін, қасиетін, ажыратуын үйрету.
13	Сөзді есіңе сақта	Балалардың сөздік қорын молайту, ойлау қабілетін дамыту.
14	Кім солай сөйлейді	Жануарларды дауысынан айыра білуге және дауыстарына еліктеуге дамыту.
15	Бес санына шапалақта	Беске дейін санап. Қимыл қозғалыстарын дамыту.
16	Кім сені шақырды, тап	Басқа адамды дауысынан танып үйрету, есте сақтау қабілетін дамыту.
17	Пішіндерді боя	Түстерді тани білуге үйрету.
18	Күн мен жаңбыр	Балаларға табиғат құбылыстарын сезіне білуге үйрету.
19	Отбасы	Отбасы мүшелерін білу.
20	Зейінді бол	Күрделі геометриялық суреттен пішіндерді көрсете білуге дамыту.
21	Кім дауысын шығармай күле алады?	Еріннің бұлшық еттерін дамыту.
22	Екінші қолымда қанша?	Балалардың ойлау қабілетін, байқампаздығын дамыту.
23	Не жедім тауып ал	Дәм тату арқылы қандай тамақ жегенін табу.
24	Аққу – қаздар	Балаларды шапшандыққа, ойлау білуге дамыту.
25	Допқа тигіз	Балаларды дәлдеп тигізуге үйрету.
26	Доппен ойнау	Жоғары-төменде, астында-үстінде ұғымдарын бекіту.
27	Өз үйінді тап	Түстерді ажыратуға жаттықтыру, қабылдауын дамыту.
28	Көршілер	Сөйлемді дұрыс құрап айта білуге машықтандыру.
29	Бағдаршам	Балаларды жол ережесімен таныстыру.
30	Қай қолымда көп	Аз және көп заттарды ажыратуға.
31	Суретші қай жерде қателесті?	Балалардың ойлау қабілетін дамыту.
32	Қуыршақтардың сыйлықтары	Ойын ойнау арқылы шапшандылыққа үйрету.
33	Барлық ойынды қорытын-у	Өткенді естеріне түсірту.

Нормативтік бөлім
Барлығы -36 сағат.Аптасына-1сағат.

№	Тақырыбы	Пайдаланылған әдебиеттер.	Сағат саны	Уақыты
1	«Ақ сүйек»	№1	1	4.09
2	«Тақия тастамақ»	№2	1	11.09
3	«Ақ серек,көк серек»	№6	1	18.09
4	«Хан талапай»	№4	1	25.09
5	«Соқыр теке»	№5	1	2.10
6	«Заттар әлеміне саяхат»	№7	1	9.10
7	«Біздің көршілеріміз»	№2	1	16.10
8	«Тышқан мен мысық»	№1	1	23.10
9	«Сыр»	№1	1	30.10
10	«Шіріген алма»	№2	1	6.11
11	«Біз көңілді балалармыз»	№4	1	13.11
12	«Заттар- өздері туралы не айтады?»	№3	1	20.11
13	«Заттарды дыбысынан таны»	№5	1	27.11
14	«Сөзді есінде сақта»	№6	1	04.12
15	«Кім солай сөйлейді?»	№7	1	11.12
16	«Бес санына шапалақта»	№1	1	18.12
17	«Кім сені шақырды, тап»	№2	1	8.01
18	«Пішіндерді боя»	№5	1	15.01
19	«Күн мен жаңбыр»	№5	1	22.01
20	«Отбасы»	№4	1	29.01
21	«Зейінді бол»	№6	1	5.02
22	«Кім даусын шығармай күле алады?»	№7	1	12.02
23	«Телеграф»	№3	1	19.02
24	«Екінші қолымда қанша?»	№1	1	26.02
25	«Аңдарды қоректендір»	№2	1	5.03
26	«Кім зейінді?»	№1	1	12.03
27	«Не жедім, тауып ал?»	№5	1	19.03
28	«Допқа тигіз»	№7	1	2.04
29	«Өз үйіңді тап»	№1	1	9.04
30	«Аққу-қаздар»	№3	1	16.04
31	«Көршілер»	№4	1	23.04
32	«Қай қолымда көп?»	№5	1	30.04
33	Барлық өткен білімдерін қорытындылау.	№3	3	7.05 14.05 21.05

Оқушыларға арналған әдебиеттер.

- 1.Мектепке дейінгі ұйымдағы оқушыларды рухани дамыту мәселелері.
- 2.Мектепке дейінгі кіші жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту.Зерек бала бағдарламасы.
- 3.«Қазақтың ұлтық ойындары» Алматыкітап 2013 жыл
- 4.«Тіл дамытудың ғажайып әлемі» Алматыкітап 2012 жыл
- 5.«Отбасы және балабақша» журналы. 2010 жыл
- 6.«Мектепалды даярлық» журналы. № 3, 2009 жыл
- 7.«Мектепке дейінгі білім» журналы. №4, 2011жыл
- 8.«Сен білесің бе?» энциклопедиясы
- 9.«Кел ойнайық балақай» 2010 жыл

Мұғалімге арналған әдебиеттер.

1. Мектепке дейінгі тәрбие стандарты.
2. Мектепке дейінгі кіші жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту.
3. «Отбасы және балабақша» журналы. 2010 жыл
4. «Айгөлек» Республикалық балалар журналы №5, 2010 жыл
5. «Мөлдір бұлақ» журналы
6. «Айгөлек» республикалық балалар журналы
7. Мұғалім. kz, №8, 2011 жыл

ҚАРАЛДЫ

БЕКІТЕМІН

КЕЛІСІЛДІ

№1 педагогикалық кеңесте «Тереңсай жалпы орта білім
беретін мектебі» КММ-нің
«29» тамыз 2020 ж. директоры



R. Zh. Kobiljanov
Кобиланов Р. Ж.

Әйтеке би аудандық білім
бөлімі басшысы



Q. Zharymbetov
Қ. Жарымбетов

«29» 08 2020 ж.

Тақырыбы: «Ертегілер»

Шағын орталық, ересек топ
(вариативтік компонент)

ОРЫНДАДЫ:

Шағын орталық тәрбиешісі *Madieva A. N*

№1 әдістемелік бірлестік отырысында қаралды:

Әдістемелік бірлестік жетекшісі

28.08.2020ж.

Ybaeva G.T.
Үбаева Г.Т.

ТЕКСЕРІЛДІ:

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары

29.08.2020ж.

Kaldanova B.S.
Калданова Б.С.

Тереңсай ауылы

Түсінік хат

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты талаптарына сәйкес мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық ойлау мәдениеті мен қиялын дамыту жұмыстарын жүргізуде үстел-үсті, қуыршақ, конус, саусақ театрларының, сонымен бірге сахналық қойылымдардың рөлі өте үлкен. Сахнада балалар өздерін ертегі кейіпкерлерінше сезініп, ой-қиялдарын ұшқырлайды. Өздері сүйіп тыңдайтын ертегі кейіпкерлерінің бейнелерінде ойнау - олар үшін зор қуаныш сезімін тудырады. Сахналық қойылымдар мазмұны арқылы балалар лексиканы меңгереді, диалогке түседі, ертегідегі жануарлардың дауыстарын, қимылдарын айнытпай салып, барынша көрсетуге тырысады. Соның нәтижесінде, балалардың шығармашылығы дамиды, қызығушылықтары артып, қуанады.

Тәрбиешімен бірлескен шығармашылық барысында қабілетті, мектепке дейінгі бала тұлғасын дамытуға мүмкіндік туады. Ұлы педагог А. Сухомлинский: «Скрипа ұстаған адам жамандық жасай алмайды» - дегенді жиі қайталаған. Олай болса, театр мен көркем өнер арқылы бала көкірегіне сондай скрипка ұялатып, оны ойната білу педагогтің басты міндеті болмақ. Тәрбиеші балалардың санасына ертігі қойылымдарын көрсету яғни сахналату арқылы балалардың ойлау қабілеттерінің дамуына ықпал етеді. Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыру, сұрақтар бере отырып, ертегіні желісі бойынша әңгімелеуге үйрету. Достық қарым - қатынас жасауға тәрбиелеу. Ертегі кейіпкерлерінің адамгершілік қасиеттерін бағалау және оларға өзінің қатынасын білдіру іскерліктерін қалыптастыру. Балаларды ұсынылған рөлдерді ойнау барысында өзін-өзі ұстаудың мәдени дағдылары мен адамгершілік, мейірімділік, қамқорлық қасиеттерді көрсетуге баулу .

Мақсаты:

Сахналық қойылымдар арқылы балалардың шығармашылығын дамыту. Балаларды сөйлеу мәдениетіне машықтандыру, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ертегі кейіпкерлерін сахналауға баулу. Ертегіні сахналау арқылы балалардың сөйлеу мәдениеті дамиды. Балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерімен бірге сөйлеу машығы қалыптасады. Сахналық қойылым арқылы балаларды достық сезімге тәрбиелеу, шығармашылыққа баулу.

Міндеттері:

1. Ертегі мазмұнын сахналау арқылы 4-5 жастағы балалардың тіл байлығын жетілдіру;
2. Дауыс ырғағы арқылы ертегі кейіпкерлерінің мінез-құлықтарын көрсете білуге үйрету;
3. Әр-түрлі рөлдерге ойнай білу қызығушылығын дамыту;
4. Басқа балалармен ұжымдық қарым-қатынасқа түсу дағдыларын қалыптастыру;
5. 4-5 жастағы балаларды сахна мәдениетіне тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

- Бір-бірімен қарым-қатынасқа түсетін 2-3 рөлдік қойылымдарға қатысу
- Балалардың арман, қиялдарын дамытатын көріністер
- Көркемдік образдық бейнелеу құралдарын: екпін, ым, ишара, жүріс-тұрысты пайдалану
- Ертегілер мен әдеби шығармаларды сахналау

Ақпараттық - әдістемелік бөлім

«Ертегілер» вариативті компонентін оқытуда балалардың есте сақтау қабілеттерін дамытатын бейне таспаларды көрсету әдісі, сұрақ-жауап әдісі, бейнелеу, сипаттау, әңгімелеу, баяндау әдістері арқылы балалардың әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс- тұрысына талдау жасауға, жан- жануарларға мейірімділік білдіруге, өзара көмектесу, қабылданған ережелерге сәйкес баға беруге үйрету. Ертегіні тыңдауға деген қызығушылықтарын арттыру, сөздік қорын молайту, сөйлеу тілін дамыту.

Еліміздің салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, тарихын біліп, оны қастерлеп, бүгінгіміз бен келешегіміздің қайнар көзіне айналдыру әрқайсысының азаматтық борышы екенін ұғынады. Түрлі ойындардың көмегімен жақсы мен жаманды, шындық пен өтірікті, ұнамды-ұнамсыз т.б қасиеттердің адам өмірінде алатын орны ерекше екенін түсінеді.

Осы бағдарлама бойынша балалар сөйлеу мәдениетін меңгереді деп сенеміз. Бүлдіршіндердің есте сақтап, бір – біріне ауызша айтуына, ертегі арқылы жақсысынан үйреніп, жаманынан жиреніп, үлгі өнеге алуына ықпал етеді. Балаларға ертегіні мазмұндай отырып, ойлау қабілетін, сөздік қорын, мәнерлеп сөйлеу дағдыларын дамыту. Есте сақтау қабілетін анықтау, тілдік коммуникативтік құзіреттілігін нығайту. Ертегідегі кейіпкерлердің ретін, дауыс ырғағын сала білуге, диал Ертегі кейіпкерлерінің жағымды, жағымсыз қасиеттерін көруге үйрету. Ойын нақты және түсінікті етіп жеткізе білуге дағдыландыру. Еркін түрде сөйлей білуге үйрету. Адамгершілікке, көмек бере алуға тәрбиелеу. Ертегіні оқып беріп балаларға түсіндіру барысында сөздік қорларын, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілетін дамыту.. Адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, үлкендерді сыйлай білуге тәрбиелеу. Балалардың әдептілік, мәдениеттілік туралы білімін кеңейту. Баланың силастық туралы ақыл-ойын ояту. Үлкенді сыйлауға, құрмет көрсетуге тәрбиелеу, имандылыққа баулу.

Мазмұндық бөлім

№	Тақырыбы	Мазмұны
1	«Қасқыр мен жеті лақ»	Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыру, сұрақтар бере отырып, ертегіні желісі бойынша әңгімелеуге үйрету
2	«Арыстан мен тышқан»	Рөлдер арқылы ертегі кейіпкерлерін дауыс ырғағымен айтуға үйрету. Кейіпкерлер сөздерін жаттау арқылы есте сақтау қабілетін дамыту, тіл байлығын жетілдіру
3	«Үш аю»	Қуыршақ театры арқылы балаларға ертегі желісін толық әңгімелеу. Ертегіні көру арқылы есте сақтау қабілетін дамыту
4	«Қарлығаштың құйрығы неге айыр?»	Достық қарым - қатынас жасауға тәрбиелеу. Ертегі кейіпкерлерінің адамгершілік қасиеттерін бағалау және оларға өзінің қатынасын білдіру іскерліктерін қалыптастыру
5	«Жабайы қаздар»	«Жабайы қаздар» ертегісін балалардың сомдай білу біліктерін қалыптастыру.
6	«Үш жалқау»	Ертегідегі рөлдік диалогтерді балалардың аша білуіне, қарым-қатынаста сыпайылықты сақтау іскерліктеріне мүмкүндіктер туғызу
7	«Қызыл телпек»	Қолғап театры арқылы ертегі мазмұнын әңгімелей отырып, мейірімді, қайырымды және басқа да игі қасиеттерді бойына сіңіруге үйрету
8	«Қолғап»	Балаларды қойылымға қатыстыра отырып , рольдерді сомдауға, образға ене білуге үйрету, шығармашылықты жетілдіру
9	«Су жүрек қоян»	Ертегі мазмұнымен таныстыру, жетекші сұрақтар қою арқылы ертегіні әңгімелеуге үйрету және достық сезімге тәрбиелеу
10	«Мақтаншақ қоян»	Сахналық қойылым арқылы балаларды достық сезімге тәрбиелеу, шығармашылыққа баулу
11	«Алтын айдарлы этеш пен диірмен»	Саусақ театры арқылы ертегі мазмұнымен таныстыру, ертегі кейіпкерлерінің мінез құлықтарын ажырата білуге үйрету
12	«Алма»	Балаларды ұсынылған рөлдерді ойнау барысында өзін-өзі ұстаудың мәдени дағдылары мен адамгершілік, мейірімділік, қамқорлық қасиеттерді көрсетуге баулу
13	«Аю мен маша»	Балалармен бірге ертегі қойылымын қуыршақ театры арқылы ойнап көрсету және табиғатты қорғау сезімдерін күшейту, шығармашылықты дамыту

14	«Бақа қайда барады?»	Сахналық қойылым арқылы бүлдіршіндердің шығармашылығын дамыту, көңіл-күймен, қуанышты жағдай тудыру, музыкаға сәйкес ширақ қимылдар жасауға үйрету.
15	«Қызғалдақ»ағылшын ертегісі	Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыру , жетекші сұрақтар арқылы ертегіні әңгімелеуге үйрету, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу
16	«Үш көбелек»неміс ертегісі	Ертегіге деген қызығушылығын арттыра отырып, кейіпкерлердің образдары бойынша ойнай білу қабілетін дамыту
17	«Екі сараң қонжық»венгр ертегісі	Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыру, үстел-үсті теарты арқылы сөйлеу тілін дамыту, дауыс ырғағын келтіре орындап жүйелі баяндауға үйрету
18	«Түлкі мен бөдене»	Өз рөлдерін сахналау шығармашылығын дамыту және өнерге деген қызығушылығын арттыру
19	«Үйшік»	Ертегіні саусақ театры арқылы әңгімелеу ,ертегі мазмұнымен таныстыру. Балалардың диалогты сөйлей білу қабілеттерін арттыру .
20	«Әтеш пен тоты»	Ертегіні сахналай отырып, кейіпкерлердің іс-әрекеттерін нақты сипаттай білуге үйрету, шығармашылығын дамыту.
21	«Күшік пен мысық»	Балаларды «Күшік пен мысық» ертегісінің мазмұнымен таныстыру. Рөлдерге тән дауыспен, қимылмен, мимикамен ойнауға үйрету, шығармашылықты дамыту.
22	«Үш торай»	Балаларды ертегі мазмұнын тыңдауға, әрекеттердің дамуын қадағалауға ынталандыру
23	«Сұр қоян»	Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыру, ертегі мағынасын түсінуге, кейіпкерлердің өз- ара қарым-қатынасын бағалауға, кейбір адамгершілік қасиеттерді сипаттауға үйрету.
24	«Төлдер айтысы» ертегісі	«Төлдер айтысы» ертегісін рольдерге бөліп ойнату арқылы әр төлдің өзіне тән дауыспен, қимылмен, мимикасымен ойнау шығармашылығын дамыту, байланыстырып сөйлеуге үйрету
25	«Қорыққанға қос көрінеді» ертегісі	Балаларды кейіпкерлердің бейнесін беру үшін сөздегі ырғақ манерін қолдануға үйрету, шығармашылықты дамыту
26	«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі	Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыру, сұрақтар қою арқылы ертегі желісін есте сақтауға үйрету, ертегіге деген қызығушылығын арттыру
27	«Мақта қыз»	Балалардың әдеби шығармалар мен ертегі үзіндісін драмалауға қатысу біліктерін ата-аналарды қатыстыра отырып дамыту.

28	«Ең қымбат байлық»	Балаларды ертегінің мазмұнымен таныстыру, рөлдерде ойнай білу қабілеттерін дамыту
29	«Түлкі мен қоян»	Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыру, сұрақтар бере отырып, ертегіні желісі бойынша әңгімелеуге үйрету
30	«Бөдененің құйрығы неге қысқа?»	Ертегінің мазмұнымен таныстыру , сұрақтар беру арқылы жақсы мен жаманды ажырата білуге үйрету.
31	«Ақ лақ»	Балалардың сахналай білу қабілеттерін дамытып, арнайы атрибуттарды қолдануға үйрету
32	«Тырна мен түлкі»	Конус театры арқылы ертегі желісімен таныстыру. Ертегідегі көкөністердің ерекшеліктері туралы әңгімелей отырып, табиғатты аялауға, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу
33	«Еріншек егінші мен еңбекқор құмырсқа»	Балаларды ертегі мазмұнын тыңдауға, әрекеттердің дамуын қадағалауға ынталандыру
34	«Бір үзім нан»	Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыру, ертегі мағынасын түсінуге, кейіпкерлердің өз- ара қарым-қатынасын бағалауға, кейбір адамгершілік қасиеттерді сипаттауға үйрету.
35	«Нан қайдан шығады?»	Сахналық қойылым арқылы бүлдіршіндердің шығармашылығын дамыту, көңіл-күймен, қуанышты жағдай тудыру, музыкаға сәйкес ширақ қимылдар жасауға үйрету.
36	«Күшік пен мысық»ертегісі	Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыру, сұрақтар бере отырып, ертегіні желісі бойынша әңгімелеуге үйрету

Нормативтік бөлім
Барлығы -36 сағат. Аптасына-1сағат.

№	Тақырыбы	Пайдаланылған әдебиеттер.	Сағат саны	Уақыты
1	«Қасқыр мен жеті лақ»	№1	1	4.09
2	«Арыстан мен тышқан»	№2	1	11.09
3	«Үш аю»	№6	1	18.09
4	«Қарлығаштың құйрығы неге айыр?»	№4	1	25.09
5	«Жабайы қаздар»	№5	1	2.10
6	«Үш жалқау»	№7	1	9.10
7	«Қызыл телпек»	№2	1	16.10
8	«Қолғап»	№1	1	23.10
9	«Су жүрек қоян»	№1	1	30.10
10	«Мақтаншақ қоян»	№2	1	6.11
11	«Алтын айдарлы этеш пен диірмен»	№4	1	13.11
12	«Алма»	№3	1	20.11
13	«Аю мен маша»	№5	1	27.11
14	«Бақа қайда барады?»	№6	1	4.12
15	«Қызғалдақ»ағылшын ертегісі	№7	1	11.12
16	«Үш көбелек»неміс ертегісі	№1	1	18.12
17	«Екі сараң қонжық»венгр ертегісі	№2	1	8.01
18	«Түлкі мен бөдене»	№5	1	15.01
19	«Үйшік»	№5	1	22.01
20	«Әтеш пен тоты»	№4	1	29.01
21	«Күшік пен мысық»	№6	1	5.02
22	«Үш торай»	№7	1	12.02
23	«Сұр қоян»	№3	1	19.02
24	«Төлдер айтысы» ертегісі	№1	1	26.03
25	«Қорыққанға қос көрінеді» ертегісі.	№2	1	5.03
26	«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі	№1	1	12.03

27	«Мақта қыз»	№5	1	19.03
28	«Ең қымбат байлық»	№7	1	2.04
29	«Түлкі мен қоян»	№1	1	9.04
30	«Бөдененің құйрығы неге қысқа?»	№3	1	16.04
31	«Ақ лақ»	№4	1	23.04
32	«Тырна мен түлкі»	№1	1	30.04
33	«Еріншек егінші мен еңбекқор құмырсқа»	№2	1	7.05
34	«Бір үзім нан»	№3	1	14.05
35	«Нан қайдан шығады?»	№4	1	21.05
36	«Күшік пен мысық»ертегісі	№1	1	28.05

Оқушыларға арналған әдебиеттер.

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты
2. Балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Зерек бала» бағдарламасы
3. Қазақ ертегілер жиынты Алматы «Балауса баспасы» 2003 жыл
4. Ертегілер елінде Алматы «Аруна Ltd»
5. Кел, балалар, оқылық Алматы «Дәуір кітап»
6. Ш.Перроның ертегілері Алматы «Проф-Пресс» баспасы
7. Сөйлейтін кітап «Әлем ертегілері» Алматы «Тәлім-Таным» ЖШС

Мұғалімге арналған әдебиеттер.

1. Р.Тұрысбек, З.Сейтжанова Жануарлар туралы ертегілер Алматы «Аруна» баспасы
2. Қ.Құрманғали Орыс халық ертегілері Алматы «Жалын» баспасы.
3. М.Мақашева Әйбат ертегілер Алматы «Аруна» баспасы
4. Сөйлейтін кітап «Әлем ертегілері» Алматы «Тәлім-Таным» ЖШС
5. Кел, балалар, оқылық Алматы «Дәуір кітап»

ҚАРАЛДЫ

БЕКІТЕМІН

КЕЛІСІЛДІ

№1 педагогикалық кәсіптеге «Тереңсай жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің
«29» тамыз 2020 ж. директоры



Кобиланов Р. Ж.

Әйтеке би аудандық білім бөлімі басшысы



К. Жарымбетов

«31» 2020 ж.

Тақырыбы: «Шебер қолдар»

Шағын орталық, ересек топ
(вариативтік компонент)

ОРЫНДАДЫ:

Шағын орталық тәрбиешісі *Мадиева А. Н*

№1 әдістемелік бірлестік отырысында қаралды:

Әдістемелік бірлестік жетекшісі

28.08.2020ж.

Убаева Убаева Г.Т.

ТЕКСЕРІЛДІ:

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары

29.08.2020ж.

Калданова Калданова Б.С.

Тереңсай ауылы

Түсінік хат

Еңбек тәрбиесі – ол баланың еңбек етуге деген психологиялық даярлығын, еңбекке деген дұрыс көзқарасын қалыптастыру, сонымен бірге еңбек тәртібі мен мәдениетін меңгерту болып табылады.

Бала бойында еңбексүйгіштікті тәрбиелеу жайлы К.Д.Ушинский: «Тәрбиенің өзі, егер ол адамға бақыт тілейтін болса, оны бақыт үшін емес, өмір сүру еңбегіне даярлау керек...Тәрбие адам бойында еңбекке деген сүйіспеншілік пен әдетті дамытуы керек; ол адамға өмірдегі өзі үшін қажетті еңбекті табуға мүмкіндік жасауы керек... Тәрбие адамның ақылын ғана дамытып, оны белгілі көлемдегі мәліметтермен таныстырып қана қоймай, адам жүрегінде еңбексіз адам өмірі абыройлы да, бақытты да болмайтындай еңбекке деген ынтаны жандыруы.

Еңбек тәрбиесі отбасында әр түрлі жолдармен іске асады. Балалар өзіне-өзі қызмет көрсетуге кеңінен қатыстырылады. Олар үй шаруашылығында көптеген міндеттер атқарады. Балалар мен ересектердің бірлесіп жұмыс істеуіне мүмкіншілік болады.

Еңбек баланың адамгершілік, ақыл-ой, физикалық, эстетикалық дамуының ең бір басты факторы. Осы сатыда қалыптасқан дағды баланың одан әрі дамуын қамтамасыз етіп қана қоймай, меңгеретін білім, білікті белсенді түрде қабылдауы мен түсінуіне мүмкіндік тудырады.

Ұсынылып отырған бағдарлама балалардың еңбек әрекетіне қатысуға қызығушылығын дамыту мақсатын көздейді. Балалардың құрастыруға деген қызығушылықтарын арттыра отырып, ой-қиялдары мен шығармашылықтарын дамыту және алдарына мақсат қоя білуге үйрету. Қағазбен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру. Тік төртбұрышты қағазды тең екіге бүктеу және бір-біріне желімдеу әдіс- тәсілдерін меңгерту. Альбомды әшекейлету арқылы көркемдік талғамдарын дамыту. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу.

Балалардың құрастыруға деген қызығушылықтарын арттыра отырып, ой-қиялдары мен шығармашылықтарын дамыту және алдарына мақсат қоя білуге үйрету

Мақсаты:

Балалардың еңбек етуге деген қызығушылықтарын және даярлықтарын жетілдіру. Еңбексүйгіштікке баулу. Еңбек ету арқылы балалардың дене бітімдерінің жақсы жетіліп қалыптасатындығын ұғындыру. Балаларды табиғи материалдармен таныстыру. Жұмыс істеудің алғашқы дағдыларын қалыптастыру. Ойыншық жасау барысында дене бөліктерін салыстыра білуге үйрету. Әдемілікке баулу.

Міндеттері:

- Балалардың белсенділік, іскерлік және еңбекті құрметтеу қасиеттерін дамыту;
- Жұмыс барысында табиғи материалдарды орынды қолдану іскерліктерін жетілдіру;
- Балалардың ұқыптылық, ептілік, қабілеттерін дамыту.
- Ұйымдастырушылық қабілеттерін, ұжымдық еңбекте ынтымақтастық сезімдерін дамыту.

Күтілетін нәтиже:

1. Қағазбен жұмыс. Қағаз түстерін ажыратып өздері қолдана алуы.
2. Қол мен саусақ ұштарының қимылдарын және заттарды дұрыс пайдалана алу қабілеттерінің дамуы.
3. Заттардың ерекше қасиеті, түсі, көлемі, пішінін көрсете алуы.
4. Балалардың тілін, сөздік қорын дамыту.
5. Эстетикалық талғамын, шығармашылық қиялдау қабілетін дамыту.
6. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс.
7. Өз қалауы бойынша жұмыс.

Ақпараттық - әдістемелік бөлім

«Шебер қолдар вариативті компонентіндегі негізгі әдіс-тәсілдер көрсету, түсіндіру, ұғындыру, әңгімелеу, баяндау әдіс тәсілдері қолданылады.

Бала бойында еңбексүйгіштікті тәрбиелеу жайлы К.Д.Ушинский: «Тәрбиенің өзі, егер ол адамға бақыт тілейтін болса, оны бақыт үшін емес, өмір сүру еңбегіне даярлау керек...Тәрбие адам бойында еңбекке деген сүйіспеншілік пен әдетті дамытуы керек; ол адамға өмірдегі өзі үшін қажетті еңбекті табуға мүмкіндік жасауы керек... Тәрбие адамның ақылын ғана дамытып, оны белгілі көлемдегі мәліметтермен таныстырып қана қоймай, адам жүрегінде еңбексіз адам өмірі абыройлы да, бақытты да болмайтындай еңбекке деген ынтаны жандыруы. Қағазбен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру. Тік төртбұрышты қағазды тең екіге бүктеу және бір-біріне желімдеу әдіс- тәсілдерін меңгерту. Альбомды әшекейлету арқылы көркемдік талғамдарын дамыту. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу. Қағаз, желім, қайшымен жұмыс істеу дағдыларын бекіту. Қиылған дайын үлгі қалыптар бойынша пішінді қиып, бір-біріне таза, ұқыпты желімдеуге үйрету. Бір-біріне қуаныш сыйлауға жұмылдыру. Балалардың құрастыруға деген қызығушылықтарын арттыра отырып, ой-қиялдары мен шығармашылықтарын дамыту және алдарына мақсат қоя білуге үйрету.

Мазмұндық бөлім

№	Тақырыбы	Мазмұны
1	«Қағаздан не құрастырылады?»	Балаларды қағаз түрлерімен, қасиетімен, олардан не жасауға болатынымен таныстыру
2	«Мысық пен тышқан»	Балаларды кепкен жапырақтармен ұқыпты, таза жұмыс жасауға жаттықтыру
3	«Саңырауқұлақ» оригами	Қағаз, оның пайдалануы туралы түсінік беру. Шаршыны тең екіге және қиғашынан бүктеуге үйрету. Баланың ой-қиялын, кеңістікте орналастыра білу дағдысын дамыту
4	«Жұлдызқұрт»	Балаларға жер жаңғақты, ағаш жапырағын, бояуларды пайдаланып, жұмыс жасауға үйрету
5	«Күзгі өнімді жинауға арналған себет» Оригами	Өз қолдарымен қағаздан әр - түрлі бұйымдар жасауға үйрету. Шаршы қағазды теңестіре, тігінен, көлденеңнен бүктеу дағдыларын жетілдіру. Сабакқа деген қызығушылықтарын арттыру
6	Тасбақа	Балаларды пайдалануға жарамсыз заттармен: жаңғақ қабығы мен ермексазды біріктіре отырып жұмыс жасауға жаттықтыру
7	Кірпі	Балаларды пайдалануға жарамсыз заттармен: шишкалар мен ермексазды біріктіре отырып жұмыс жасауға жаттықтыру
8	Балық	Балаларды қағазды екі бүктеп, арнайы сызылған жолдармен пішінді қиып алуға үйрету
9	Гүлдер. Қағаздан біріктіру	Өз қолдарымен қағаздан әр түрлі гүлдер жасауға үйрету. Шаршы қағазды теңестіре, тігінен, көлденеңнен бүктеу дағдыларын жетілдіру
10	Шырпы қораптарынан машина жасау	Пайдалануға жарамсыз заттардан машина жасауды үйрету. Баланың ой-қиялын дамыту, шығармашылықпен әрекет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру
11	Сандықша	Пайдалануға жарамсыз заттардан, қорапшалардан сандықша жасап, әшекейлеуге үйрету
12	«Жол белгілері» Пайдалануға жарамсыз заттармен жұмыс	Балалардың құрастыруға деген қызығушылықтарын арттыра отырып, ой-қиялдары мен шығармашылықтарын дамыту және алдарына мақсат қоя білуге үйрету
13	Рамкалар жасау	Балаларға жарамсыз заттарды, дәндерді рамаға ұқыпты жапсыра білуге жаттықтыру
14	Шырша	Пайдалануға жарамсыз заттардан шырша жасауды үйрету. Баланың ой-қиялын дамыту, шығармашылықпен әрекет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру
15	Пайдалануға жарамсыз материалдармен өз бетінше жұмыс	Балалардың өз қалаулары бойынша жұмыс жасау
16	Жаңа жылдық безендіру (Түрлі-түсті қағаздармен жұмыс)	Қағаз, желім, қайшымен жұмыс істеу дағдыларын бекіту. Қиылған дайын үлгі қалыптар бойынша пішінді қиып, бір-біріне таза, ұқыпты желімдеуге үйрету. Бір-біріне қуаныш сыйлауға жұмылдыру
17	Аққала	Балаларға қағазды умаждау арқылы домалақтап, бір-біріне желімдеп, аққала жасату
18	«Қуыршақ» театры (Қолтырауын Гена, Чебурашка)	Пайдалануға жарамсыз заттардан ойыншықтар жасауды үйрету. Баланың ой-қиялын дамыту, шығармашылықпен әрекет етуге

		баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру
19	Пингвин	Балаларға пластикалық бөтелке мен ермексаздан пингвин жасауды үйрету
20	Өз бетінше жұмыс	Балалардың өз қалаулары бойынша жұмыс жасау
21	Үй	Балаларға пластикалық ыдыстардан, пенопластан әр түрлі заттар жасауға үйрету
22	Досыма арналған альбом	Қағазбен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру. Тік төртбұрышты қағазды тең екіге бүктеу және бір-біріне желімдеу әдіс- тәсілдерін меңгерту. Альбомды әшекейлету арқылы көркемдік талғамдарын дамыту. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу
23	Көңілді шеберхана	Қағаздан әр түрлі ойыншық жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру. Дөңгелектеу арқылы конус жасауға үйрету. Дайын жұмыстарды өздері бағалай алуға үйрену
24	Ит (Табиғи материалдармен жұмыс)	Жануарлардың бейнесіне сәйкес табиғи материалдар таңдай алуға үйрену. Бастаған істерін аяқтауға дағдыландыру
25	Аналарға сыйлық (Құттықтау ашық хат)	Қалың қағаз бетіне жұмсақ мочалканы (губка) алма пішініне ұқсатып қиып, желімдеп, бетіне ине қадағыш жасау
26	Көбелек (Табиғи материалмен жұмыс)	Балаларды табиғи материалдармен таныстыру. Жұмыс істеудің алғашқы дағдыларын қалыптастыру. Ойыншық жасау барысында дене бөліктерін салыстыра білуге үйрету. Әдемілікке баулу
27	Қамшы өру	Өр түсті үш жіпті өруді және оның ұштарын бекітіп, таяқшаға байлауды үйрету. Өз қолдарымен бұйым жасауға деген қызығушылықтарын арттыру. Еңбек нәтижесіне жетуге тәрбиелеу
28	Құстар ұясы	Балаларға пластикалық ыдыстан ұя жасауды үйрету
29	Желкенді қайық	Жаңғақ қабығына ермексазды толтыра отырып, дайын таяқша жапырақты қадап бекіту
30	Ұшақ	Балаларды қағазды бекітудің қарапайым әдістерімен таныстыруды жалғастыру. Бүктеу кезінде қарама-қарсы қабырғалары мен бұрыштарының сәйкес келуін қадағалап отыруға үйрету
31	Табиғи материалдармен жұмыс	Балалардың өз қалаулары бойынша жұмыс жасау
32	Үйрек (Оригами)	Саусақ бұлшық еттерін және баланың ой-қиялын дамыту; Қағазды әр түрлі әдіспен бүктеуге жаттықтыру
33	«Қағаздан не құрастырылады?»	Балаларды қағаз түрлерімен, қасиетімен, олардан не жасауға болатынымен таныстыру
34	«Мысық пен тышқан»	Балаларды кепкен жапырақтармен ұқыпты, таза жұмыс жасауға жаттықтыру
35	«Саңырауқұлақ» оригами	Қағаз, оның пайдалануы туралы түсінік беру. Шаршыны тең екіге және қиғашынан бүктеуге үйрету. Баланың ой-қиялын, кеңістікте орналастыра білу дағдысын дамыту
36	«Жұлдызқұрт»	Балаларға жер жаңғақты, ағаш жапырағын, бояуларды пайдаланып, жұмыс жасауға үйрету

Нормативтік бөлім
Барлығы -36 сағат. Аптасына-1сағат.

№	Тақырыбы	Пайдаланылған әдебиеттер	Сағат саны	Уақыты
1	«Қағаздан не құрастырылады?»	№1	1	2.09
2	«Мысық пен тышқан»	№2	1	9.09
3	«Саңырауқұлақ» оригами	№6	1	16.09
4	«Жұлдызқұрт»	№4	1	23.09
5	«Күзгі өнімді жинауға арналған себет» Оригами	№5	1	30.09
6	Тасбақа	№7	1	7.10
7	Кірпі	№2	1	14.10
8	Балық	№1	1	21.10
9	Гүлдер. Қағаздан біріктіру	№1	1	28.10
10	Шырпы қораптарынан машина жасау	№2	1	4.11
11	Сандықша	№4	1	11.11
12	«Жол белгілері» Пайдалануға жарамсыз заттармен жұмыс	№3	1	18.11
13	Рамкалар жасау	№5	1	25.11
14	Шырша	№6	1	2.12
15	Пайдалануға жарамсыз материалдармен өз бетінше жұмыс	№7	1	9.12
16	Жаңа жылдық безендіру (Түрлі-түсті қағаздармен жұмыс)	№1	1	16.12
17	Аққала	№2	1	6.01
18	«Қуыршақ» театры (Қолтырауын Гена, Чебурашка)	№5	1	13.01
19	Пингвин	№5	1	20.01
20	Өз бетінше жұмыс	№4	1	27.01
21	Үй	№6	1	3.02
22	Досыма арналған альбом	№7	1	10.02
23	Көңілді шеберхана	№3	1	17.02
24	Ит (Табиғи материалдармен жұмыс)	№1	1	24.02
25	Аналарға сыйлық(Құттықтау ашық хат)	№2	1	3.03
26	Көбелек(Табиғи материалмен жұмыс)	№1	1	10.03
27	Қамшы өру	№5	1	17.03
28	Құстар ұясы	№7	1	31.03
29	Желкенді қайық	№1	1	7.04
30	Ұшақ	№3	1	14.04
31	Табиғи материалдармен жұмыс	№4	1	21.04
32	Үйрек (Оригами)	№1	1	28.04

33	«Қағаздан не құрастырылады?»	№2	1	5.05
34	«Мысық пен тышқан»	№1	1	12.05
35	«Саңырауқұлақ» оригами	№5	1	21.05
36	«Жұлдызқұрт»	№5	1	26.05

Оқушыларға арналған әдебиеттер.

1. Мектепке дейінгі ұйымдағы оқушыларды рухани дамыту мәселелері.
2. Мектепке дейінгі кіші жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту. Зерек бала бағдарламасы.
3. «Қазақтың ұлтық ойындары» Алматы кітап 2013 жыл
4. «Тіл дамытудың ғажайып әлемі» Алматы кітап 2012 жыл
5. «Отбасы және балабақша» журналы. 2010 жыл
6. «Мектепалды даярлық» журналы. № 3, 2009 жыл
7. «Мектепке дейінгі білім» журналы. №4, 2011 жыл
8. «Сен білесің бе?» энциклопедиясы
9. «Кел ойнайық балақай» 2010 жыл

Мұғалімге арналған әдебиеттер.

1. Мектепке дейінгі кіші жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Зерек бала» бағдарламасы
2. Қ. Құрманғали Орыс халық ертегілері Алматы «Жалын» баспасы.
3. М. Мақашева Әйбат ертегілер Алматы «Аруна» баспасы
4. Сөйлейтін кітап «Әлем ертегілері» Алматы «Тәлім-Таным» ЖШС
5. Кел, балалар, оқылық Алматы «Дәуір кітап»